## Балық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспарының үлгілік нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2025 жылғы 12 қыркүйектегі № 293 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 16 қыркүйекте № 36843 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 508-84) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған балық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспарының үлгілік нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Ауыл шаруашылығы*
*министрінің міндетін атқарушы* — *А. Султанов*

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің міндетін атқарушы
2025 жылғы 12 қыркүйектегі
№ 293
бұйрығымен бекітілген

## Балық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспарының үлгілік нысаны

______________________________________________

**(балық шаруашылығы субъектісінің атауы)**

| № | Іс-шаралар атауы | Оның ішінде жылдар бойынша | | | Жиыны | Аяқталу нысаны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 20_ | 20_ | 20_ | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1-тарау. Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін кәсіптік балық аулауды жүргізу үшін бекітіп беру кезінде | | | | | | |
| 1-параграф. Балық ресурстарының және басқа да су жануарларының өсімін молайту жөніндегі іс-шаралар * | | | | | | |
| 1. | Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы аккредиттелген ғылыми ұйымның ұсынымдарына сәйкес балықтардың құртшабақтарын жіберу** (мың дана) | | | | | Сатып алу-сату шарты, балық отырғызу материалы үшін ақы төленгені туралы төлем тапсырмасы, түрлері бойынша балық жіберу туралы актілер |
| 2. | Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы аккредиттелген ғылыми ұйымның ұсынымдары бойынша балық шаруашылығы мелиорациясы жөніндегі жұмыстарды жүргізу, оның ішінде:<br>1) қатты өсімдіктерді шабу (гектар);<br>2) түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу (метр³); | | | | | "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Мемлекеттік статистика туралы заң) 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес балық шаруашылығы саласындағы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 3) бөлініп кеткен су айдындарынан балықтарды құтқару (дана). | | | | | әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарға сәйкес балық шаруашылығын дамыту үшін пайдаланушылардың ағымдағы жылға жоспарланған қаржы құралдарын пайдалануы туралы) мәліметтер |
| 3. | Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы аккредиттелген ғылыми ұйымның ұсынымдарына сәйкес балықтардың жаппай қырылуына қарсы іс-шаралар, оның ішінде қыс кезеңінде ойықтар бұрғылау, кескіндеме ою жүргізу (дана) | | | | | |
| 2-параграф. Аулау және өңдеу базаларын техникалық қайта жарақтандыру жөніндегі іс-шаралар | | | | | | |
| 4. | Бөлінген квотадан қайта өңделген балық өнімінің (%) | 30 | 50 | 70 | 70 | Ветеринариялық анықтама немесе ветеринарлық сертификат, белгіленген көлемге сатып алу-сату шарты, төлем тапсырмасы |
| 3-параграф. Балық аулауды реттеу жөніндегі іс-шаралар | | | | | | |
| | | | | | | Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалағаны үшін төлем тапсырмасы. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5. | Балықтарды және басқа да су жануарларын алып қоюға бөлінген квоталарды игеру (100 %) | | | | | Мемлекеттік статистика туралы заңның 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес балық шаруашылығы саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарға сәйкес пайдаланушылардың балық және басқа да су жануарларын аулау квотасын игеруі туралы мәліметтер |
| 4-параграф. Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын және олардың мекендейтін ортасын қорғау жөніндегі іс-шаралар | | | | | | |
| 6. | Тірі табиғат объектілеріне және олардың мекендейтін ортасына жанашырлықпен қарау идеясын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау (мақалалар, жарияланымдар саны), сондай-ақ білім беру орталықтарында (мектеп, жоғары оқу орындары) | 1 | 1 | 1 | 1 | Мақалалар, эфирлік анықтамалар, білім беру орталықтарында өткізілген іс шаралар туралы анықтама. |
| | кірме жолдарда | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 7. | аншлагтарды, ақпараттық тақтайшаларды, ескерту белгілерін, және маңдайшаларды орнату және жаңарту (дана) | | | | | Орындалған жұмыстар актілері |
| 5-параграф. Ғылыми жұмыстар | | | | | | |
| 8. | Үш жылда бір рет халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қоспағанда балық ресурстары мен басқа да су жануарларының жай-күйіне зерттеу жүргізу (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға биологиялық негіздеме), балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелерінің паспортын өзектендіру | | | | | Ғылыми ұйымдармен жасалған шарт, орындалған жұмыстар актілері, ақы төленгені туралы төлем тапсырмасы |
| 6-параграф. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған іс-шаралар | | | | | | |
| | Қазақстан Республикасының | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 9. | азаматтарына жұмыс орындарын құру (адамдар саны) | 5 | 5 | 5 | 5 | Еңбек шарты |
| 2-тарау. Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін әуесқойлық (спорттық) балық аулау жүргізу үшін бекітіп беру кезінде | | | | | | |
| 1-параграф. Балық ресурстарын және басқа да су жануарларының өсімін молайту жөніндегі іс-шаралар* | | | | | | |
| 10. | Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы аккредиттелген ғылыми ұйымның ұсынымдарына сәйкес балықтардың құрт шабақтарын жіберу **(мың дана) | | | | | Сатып алу-сату шарты, балық отырғызу материалы үшін ақы төленгені туралы төлем тапсырмасы, түрлері бойынша балық жіберу туралы актілер |
| 11. | Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы аккредиттелген ғылыми ұйымның ұсынымдары бойынша балық шаруашылығы мелиорациясы жөніндегі жұмыстарды жүргізу, оның ішінде:<br>1) қатты өсімдіктерді шабу (гектар); | | | | | Мемлекеттік статистика туралы заңның 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес балық шаруашылығы саласындағы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2) бөлініп кеткен су айдындарынан балықтарды құтқару (дана) | | | | | әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарға сәйкес балық шаруашылығын дамыту үшін пайдаланушылардың ағымдағы жылға жоспарланған қаржы құралдарын пайдалануы туралы мәліметтер |
| 12. | Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы аккредиттелген ғылыми ұйымның ұсынымдарына сәйкес балықтардың жаппай қырылуына қарсы іс-шаралар, оның ішінде қыс кезеңінде ойықтар бұрғылау, кескіндемеою жүргізу (дана) | | | | | |
| 2-параграф. Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын және олардың мекендейтін ортасын қорғау жөніндегі іс-шаралар | | | | | | |
| 13. | Тірі табиғат объектілеріне және олардың мекендейтін ортасына жанашырлықпен қарау идеясын бұқаралық ақпарат құралдарында сондай-ақ білім беру орталықтарында (мектеп, жоғары оқу орындары) насихаттау (мақалалар, | 1 | 1 | 1 | 1 | Мақалалар, эфирлік анықтамалар, білім беру орталықтарында өткізілген іс шаралар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жарияланымдар саны) | | | | | туралы анықтама |
| 14. | Кірме жолдарда аншлагтарды, ақпараттық тақтайшаларды, ескерту белгілерін және маңдайшаларды орнату және жаңарту (дана) | | | | | Орындалған жұмыстар актілері |
| 3-параграф. Балық шаруашылығы іс-шаралары | | | | | | |
| 15. | Әуесқойлық (спорттық) балық аулау құрал-саймандарын жалға беру және жолдама беруді қоса алғанда азаматтарды қабылдау және оларға қызметтер көрсетуге арналған базаның (лагердің) болуы (дана) | | | | | Шарт, ақы төленгені туралы төлем тапсырмасы |
| 4-параграф. Ғылыми жұмыстар | | | | | | |
| | Үш жылда бір рет халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қоспағанда балық ресурстары мен басқа да су жануарларының | | | | | Ғылыми ұйымдармен шарт, орындалған |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 16. | жай-күйіне зерттеу жүргізу (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға биологиялық негіздеме) және балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелерінің паспортын өзектендіру | | | | | жұмыстар актілері, ақы төленгені туралы төлем тапсырмасы |
| 3-тарау. Ащы-тұзды балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін кәсіпшілік балық аулауды жүргізу үшін бекітіп беру кезінде | | | | | | |
| 1-параграф. Аулау және өңдеу базаларын техникалық қайта жарақтандыру жөніндегі іс-шаралар | | | | | | |
| 17. | Бөлінген квотадан қайта өңделген өнім көлемі (%) | 70 | 70 | 70 | 70 | Ветеринариялық анықтама немесе ветеринарлық сертификат, белгіленген көлемге сатып алу-сату шарты, ақы төленгені туралы төлем тапсырмасы |
| 2-параграф. Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын және олардың мекендейтін ортасын қорғау жөніндегі іс-шаралар | | | | | | |
| 18. | Кірме жолдарда аншлагтарды, ақпараттық тақтайшаларды, ескерту белгілерін және маңдайшаларды орнату және жаңарту (дана) | | | | | Орындалған жұмыстар актілері |
| 3-параграф. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған іс-шаралар | | | | | | |
| | Қазақстан Республикасы | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 19. | н ы ң азаматтарына жұмыс орындарын құру (адамдар саны) | 5 | 5 | 5 | 5 | Еңбек шарты |

Ескертпе:

*балық шаруашылығы ғылыми ұйымдарының ұсынымдарына сәйкес балық ресурстары және басқа да су жануарларының өсімін молайту бойынша іс-шаралар ащы-тұзды су айдындарынан басқа барлық балық шаруашылығы су айдындарында жүргізіледі;

**балықтың кәсіпшілік мөлшері сатылатын мелиоративтік аулауды қоспағанда, бөлініп кеткен және бекітіліп берілмеген су айдындарында, күріш атыздарында және басқа да су объектілерінде балықтың құртшабақтарын құтқару іс-шараларының аяқталу қорытындысы бойынша балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосы облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері қол қойған актілер ұсынылған кезде биыл құтқарылған балық құртшабақтарының тиісті жылға арналған балық жіберу жоспарының елу пайызынан аспайтындай мөлшердегі бөлігі балық жіберуге қосылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК